

Ленин жүзі

4(6)П СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТ АТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ
ЖӘНЕ ҚН(6)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№164 (8024)

Сейсенбі 21 август 1945 жыл

Шығуы: а 27-жыл
Жеке бағы 20 тыйын

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

1945 жылғы 19 август № 51 Москва қаласы

Совет халқының фашистік Германияға қарсы Ұлы Отан соғысында авиация-
сыз өзін Отаң алдындағы борышын аброймен орындады.

Отанымыздың даңқты сұңқарлары қатты әуе ұрыстарында немістердің мақ-
тулы авиациясын талқандады, сөйтіп мұнымен Қызыл Армияның еркін қыймыл
асауын қамтамасыз етті және еліміздің халқын жаудың әуеден бомбалауынан
ұтқарды.

Бүкіл Қызыл Армиямен бірлесе отырып олар жауға қыйрата соққы берді,
ның адам күші мен техникасын жойды. Айбынды авиациямыздың шеберлікпен
ыймыл жасауы жер бетіндегі әскерлеріміздің табысқа жетуіне үнемі көмектесіп,
ауды біржолата талқандауына жәрдемдесті.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда совет ұшқыштары
қан табандылықтың, батырлық пен нағыз қаһармандықтың көптеген үлгілерін
өрсетті. Олар Ұлы Отан соғысының тарихына көптеген жарқын беттер қосты.

Жеңген халық—совет халқы өз ұшқыштарының жауынгерлік даңқын орын-
ы түрде мақтап етеді.

Соғыстың барысында жұмысшылардың, жұмысшы әйелдердің, инженерлер
ен қызметшілердің еңбектегі жігері, советтің авиация конструкторларының жаңа
ық тапқыштығы мен таланттығы авиациямызды өз қанаттарынан жауға өлім
жасқан және біздің ұлы совет халқын мәңгі өшпес даңққа бөлеген сан мыңдан-
ан тамаша жауынгерлік самолеттермен қаруландыруға мүмкіндік берді.

Жолдастар, ұшқыштар, штурмандар мен әуе атқыштары, радиашылар, мо-
оршылар мен қару жасаушылар, механиктер, техниктер мен инженерлер, офи-
ерлер мен генералдар! Авиация өнеркәсібінің жұмысшылары, инженерлері, қыз-
етшілері мен конструкторлары!

Сіздерді авиация мерекесі күнімен құттықтап, сәлем жолдаймын!

Авиация күнінің және біздің даңқты авиацияшылардың хұрметіне —

БҰЙЫРАМЫН:

Бүгін, 19 августа, 20 сағатта Отанымыздың астанасы—Москвада екі жүз
кыйырма төрт зеңбіректен жыйырма дүркін артиллерия оғы атылып біздің
даңқты авиацияшыларымызға Отанымыз атынан хұрмет көрсетілсін.

Совет Хабаршы бюросынан 18 АВГУСТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

18 августа Қыйыр Шығыста әскерлеріміз майданның бірсыпыра жерлерінде
әлі де болса дұшпанның қарсылығына кез болуда. Қолға берілген жапон әскерле-
рінің саны едәуір көбейе түсті.

1-ҚЫЙЫР ШЫҒЫС майданының әскерлері МУДАНЬЦЗЯН қаласының батыс
жағына қарай және НИНГУТА қаласының оңтүстік-батыс жағына қарай 30-40
километр алға басты. Жапондардың 3-армиясының бөлімдері қару тастап, май-
дан әскерлеріне қолға беріле бастады.

2-ҚЫЙЫР ШЫҒЫС майданының әскерлері ТАНЬЮАНЬ және СУНЬУ қалала-
рын алды. САХАЛИН аралында майдан әскерлері дұшпанның КАТОН және КИ
ТОН бекіністі пункттерін алды.

ЗАБАЙКАЛ майданының әскерлері ЧАНЛИН қаласын алды. ХАЙЛАР аудан-
ында жапондардың бекіністі ауданының бұдан бұрын қоршауға алынған гарнизо-
нының қатарындағы жапон генерал-майоры Номура бастаған 5 мың солдатты мен
офицері майдан әскерлеріне қолға берілді.

Майданның басқа жерлерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

СОВЕТ ХАБАРШЫ БЮРОСЫ

19 АВГУСТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

МАНЬЧЖУРИЯДА жапондардың Нантунгкідегі армиясының әскерлері майдан
ның басым көпшілік жерінде қарсылық көрсетуді тоқтатып, қолға берілуде. Әс-
керлеріміз майданның бұл жерлерінде жапон әс-
керлеріне қарсы ұрыс қыймылдарын тоқтатты, сөйтіп жапондардың тізе бүккен
кұрамалары мен бөлімдерін қабылдай бастады.

1-ҚЫЙЫР ШЫҒЫС майданының әскерлері ВЭЙХЭ, ЯНЬЦЗИ қалаларын ал-
ды. 19 августа жапондардың 55 мың солдатты мен офицері майдан әскерлеріне
қолға берілді.

2-ҚЫЙЫР ШЫҒЫС майданының әскерлері МЭРГЭНЬ, ЛУНЧЖЕНЬ, САНЬ
СИН қалаларын алды. 19 августа жапондардың 23 мың солдатты мен офицері май-
дан әскерлеріне қолға берілді.

ЗАБАЙКАЛ майданының әскерлеріне ЖЭХЭ (ЧЭНДЭ), ЧЖАНЬУ, СИНЬМИНЬ,
ЛЯОЮАНЬ, ЦИЦИКАР қалаларын алды және қазіргі күнде МУКДЕН, ЧАНЧУНЬ
(СИНЬЦЗИН) қалаларының төңірегінде тұр. 19 августа жапондардың 20 мыңнан
аса солдатты мен офицері майдан әскерлеріне қолға берілді.

Авиадесант бөлімдеріміздің ХАРБИН, ЧИРИН, ЧАНЬЧУНЬ (СИНЬЦЗИН), МУК-
ДЕН қалаларына келіп түскен топтары жапондардың бұл қалалардағы гарнизо-
дарының қолға берілуге дайын отырғандығын және әскерлеріміздің келуін
күтіп отырғандығын хабар етті.

Квантунскі армиясының тізе бүккен бөлімдері мен құрамаларын қабылдау

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіз-
дігі үшін ұрыстарда совет ұшқыштары
асқан табандылықтың, батырлық пен нағыз
қаһармандықтың көптеген үлгілерін көрсет-
ті. Олар Ұлы Отан соғысының тарихына
көптеген жарқын беттер қосты.

Одақтастардың Австриядағы әскер тұратын
аймақтары және бақылау орындары жөніндегі
келісім туралы Советтер Одағы, Америка Күрама
Штаттары, Біріккен Корольдік Үкметтерінің және
Француз Республикасының Уақытша Үкметінің білдірі-

Төменде келісімнің қысқаша мазмұны жарияланады

1. АВСТРИЯДА ЖӘНЕ ВЕНА ҚАЛАСЫНДА ӘСКЕР ТҰРАТЫН АЙМАҚТАР ТУРАЛЫ

1. Әскер тұрғызу мақсатымен Австрия
1937 жылғы шекарасында төрт аймаққа
бөлінеді: төрт мемлекеттің әр қайсысына
бір аймақтан беріледі, атап көрсеткенде:
Солтүстік-Шығыс (Совет) аймағы—Тө-
менгі Австрия өлкесінің Вена қаласынан
басқа жерлерінен, Жоғарғы Австрия өл-
кесінің Дунайдың сол жақ бетіндегі жер-
лерінен және Бургенланд өлкесінен құра-
лады.

Солтүстік-батыс (Америка) аймағы—
Зальцбург өлкесінен және Жоғарғы Ав-
стрияның Дунайдың оң жақ бетіндегі жер-
лерінен құралады.

Батыс (Франция) аймағы—Тироль жө-
не Форарльберг өлкелерінен құралады.

Оңтүстік (Британия) аймағы Каринтия
өлкесінің, оның ішінде Шығыс Тироль-
ден және Штирия өлкесінің Бургенланд
ауданынан басқа жерлерінен құралады.

2. Вена қаласының 1937 жылғы ше-
карасында төрт мемлекеттің қарулы күш-
тері тұрады, қаланы одақтастар комен-
датурасы басқарады. Командатура тиісті
бас қолбасшылар тағайындайтын төрт
коменданттан құралады.

Инноренггат ауданында төрт мемле-
кеттің қарулы күштері тұрады.

Леопольштадт, Бригиттенау, Флорис-
дорф, Виден және Фаворитен аудандарын

оның негізгі міндеттері мынадай:

- а) Австрияны Германиядан бөлу;
- б) Австрияның орталық әкімшілік аймақтарын негізгі тез құрылуы қамтамасыз ету;
- в) Австрияның өрікті түрде сайлауға үкметінің құрылуына негіз қалау;
- г) оған дейін Австрияда қауіптенарлық әкімшілік басқарма болуы қамтамасыз ету.

Одақтастар кеңесі төрт соғыс комес-
сынан құрылады, олар бүкіл Австрияда
қатысы бар мәселелер жөнінде Австрия
жоғарғы өкмет билігін бірігіп жүзеге асы-
рады. Бұған сәйкес әрбір соғыс комес-
сы өзінің үкметі тапсырған әскер күш-
терінің бас қолбасшысы ретінде, өзінің қару-
лы күштері тұрған аймақта толық өк-
мет билік жүргізеді.

Одақтастар кеңесінің қарарларын бұ-
ауыздан қабылдауға тиісті. Ол бүкіл Ав-
стрияға қатысы бар негізгі мәселелер жө-
нінде жоспарлар жасайды, қарарлар шы-
ғарады, әскер тұратын аймақтардағы іс-
тердің тиісті ынтымақпен жүргізілуін
қамтамасыз етеді.

Атқару комитеті мен қызметкерлер
одақтастар кеңесіне ақыл беріп отырады
және оның қарарларын жүзеге асырады.

Австрияның орталық әкімшілік органды-
ның министрліктері іскерлік дәрежеге
жеткеннен кейін оларға, бүкіл Австрия-
ға қатысы бар тиісті жұмыстарды өздері-
нің міндетіне алуға негізделген

И. Н. КОЖЕДУБТЫ „Алтын Жұлдыз“ медалімен үшінші рет наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын Советтер Одағының Батыры атағын аларлықтай етіп үлгілі орындағаны және неміс-басқыншыларға қарсы күрес майданында батырлық, ерлік көрсеткені үшін Советтер Одағының Батыры гвардия майор Кожедуб Иван Никитович

«Алтын Жұлдыз» медалімен үшінші рет наградталсын және оның ерлік істерін хұрметтеу ретінде қоладан оның кеуде суреті жасалып, оған тиісті жазу жазылысын және ол Москва қаласында биікке орнатылсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі

М. КАЛИНИН.
А. ГОРКИН.

Москва, Кремль.
1945 жылғы 18 август.

Польша Республикасы Өлкелік Халық Кеңесінің Президенті Б. Берут мырза мен Польша Республикасының Ұлт Бірлігі Уақытша Үкіметінің Бас Министрі Э. Осубка-Моравский мырзаның Москвадан еліне қайтуы

17 августа Польша Республикасы Өлкелік Халық Кеңесінің Президенті Б. Берут мырза, Польша Республикасының Ұлт Бірлігі Уақытша Үкіметінің Бас Министрі Э. Осубка-Моравский мырза, Бас Министрдің Орынбасары және Жер Көсіп Министрі С. Миколайчик мырза және оларға еріп келген адамдар Москвадан самолетпен еліне ұшып шықты.

Орталық аэродромда қонақтарды ССРО Халық Комиссарлары Советі Председателінің Орынбасары және Сыртқы Істер Халық Комиссары В. М. Молотов, Отан Корғау Халық Комиссарының Орынбасары армия генералы Н. А. Буиганин, ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссарының Орынбасары А. Я. Вышинский, ССРОның Польшадағы Елшісі В. З. Лебедев, Сыртқы Сауда Халық Комиссарының Орынбасары А. Д. Крутиков, Москва Советі Председателінің Орынбасары М. Я. Яснов, Москва қаласының Команданты генерал-лейтенант К. Р. Синилов, ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссариатының 4-Европалық Бөлімінің меңгерушісі А. Н. Абрамов, ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссариатының Протокол Бөлімі Меңгерушісінің Орынбасары Г. И. Фомин және басқалар шығарып салды.

Сол сыяқты қонақтарды Польшаның Елшісі Б. Матвиг мырза бастаған Елшілігінің қызметкерлері, Қытай Республикасының Елшісі Фу Бянь-Чан мырза, Греция Елшісі А. Политис мырза, Нидерландия Елшісі барон Ван Бругель Дуглас, Бельгия Елшісі Э. Де Грө мырза, Турция Республикасының Елшісі С. Сарпер мыр-

за, Югославия Елшісі В. Попович мырза, Италия Елшісі П. Кварони мырза, Швеция Елшісі С. Седерблум мырза, Дания Елшісі Т. Дессинг мырза, Исландия өкілі П. Торстейнссон мырза, Ұлы Британия Елшілігінің Кеңесшісі Ф. Робертс мырза, Француз Республикасы Елшілігінің Кеңесшісі П. Шарпантье мырза, Иран Елшілігінің Кеңесшісі А. Эгесами мырза, Чехословакия Республикасы Елшілігінің Кеңесшісі Н. Кашпарек мырза және басқалары шығарып салды.

Шығарып салу кезінде Хұрметті қарауыл сапқа тұрып, Польша Республикасы мен ССРОның мемлекеттік күйлері орындалды.

Аэродром поляк және совет жалаулары мен безелді.

Бұл күні Польша Республикасының Өнеркәсіп Министрі Г. Минц мырза, Сыртқы Істер Министрінің Орынбасары З. Модзелевский мырза, Өнеркәсіп Министрінің Орынбасары Г. Рушаньский мырза Москвадан еліне жүріп кетті.

Белорус вокзалында қонақтарды ССРОның Польшадағы Елшісі В. З. Лебедев, ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссарларының 4-Европалық Бөлімінің Меңгерушісі А. Н. Абрамов, ССРОның Польшадағы Сауда Өкілі Лешаков, ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссариатының Протокол Бөлімі Меңгерушісінің Орынбасары Г. И. Фомин, сол сыяқты Польша Республикасының Елшілігінің елшілік қызметкерлері шығарып салды.

маньчжурларда жауынгерлік қаруының және жапондардың қарсы аткаларын тойтара отырып, алға басуда болды.

Өрбір ұрыстар батырлар шығаруда. Лейтенант Максимовтың бөлімшесі жапондардың траншеясына басып кірді. Қолма-қол айқас басталды. Совет жауынгерлері жапондарды найзалап, өлтірді. Осы траншеядан жау бекінісіне жол шығатын. Жаудың бекінісіне жақын жерге пулемет оғы жауып тұрды. Бірақ бұл жауынгерлерімізді тоқтата алмады. Олар жау бекінісіне қарай батыл алға басты.

Ең алда қызылскер Бриль еңбектеп бара жатты. Оның қолына оқ тиді. Ол танкке қарсы қолданатын гранатаны екінші қолына алып, алға қарай еңбектей берді. Аяғына екінші оқ келіп тиді. Қанға боялған жауынгер алғабаса берді. Бриль бар күшін жыйнап, тізерлей жоғары көтерілді де жау бекінісінің саңылауына граната лақтырды. Катты взрыв болды. Жапондардың пулеметінің үні өшті. Жау бекінісіндегі гарнизон жойылды.

Тау арасындағы өзекектерге қарай баратын жолдағы жапондардың бекінісінен носерлей жауған оқ екінші бір бөлімшесіміздің алға басыуына кедергі болды. Тар жерде еңбектей жүруге болмады.

Жауынгер Попов қолына граната алды (нен).

ТАСС-тың жауабы

«НЬЮ-ЙОРК, геральд трибюн» газеті «Полумбия» радио хабарын тарататын орнының Лондондағы тілшісі Мэрроудың, одақтастардың оккупациялау әскерлерінің жоғарғы қолбасшысы етіп, армия генералы Макартурды белгілеу жөнінде Молотов пен Америка Елшісі Гарриман катты сөзге келіп қалыпты-мыс деген хабарын жариялады. Советтің ресми топтары Жоғарғы Бас қолбасшы Қызыл Армияның өкілі болуға тиіс деп есептейді. Вашингтоннан алынған нұсқауға сәйкес, Гарриман Советтер Одағының талабымен келіспек түгілі, оны талқылаудан да бас тартыпты-мыс. Ұзаққа созылған қызу айтыстан соң, 2 сағаттан кейін Совет Министрі өзінің талабын қайтып алуға және Жапонияда Жоғарғы Қолбасшылықты Американың алуына келісті-мыс.

ТАСС-тағы анық мәліметтер бойынша, «НЬЮ-ЙОРК геральд трибюн» газетінің жоғарыда көрсетілген хабары шындыққа жатпайты. Оның ақиқаты мынадай. АҚШ Үкметі 11 августа өзінің елшісі Гарриман мырза арқылы, Жапония үкметінің тізе бүгуі жөніндегі соңғы мәлідемесіне қайтарылатын жауап жобасын қарау

еңбектеп келе жатқан жауынгерімізді көріп қалып, ол келе жатқан жаққа носерлете оқ жаудырды. Бірақ жаудың бұл әрекеті мезгіліз еді. Попов лақтырған екі граната жарылып, жау пулеметінің үні өшті.

Жауынгерлеріміздің түрегеліп атакаға шығуы ғана қалған кезде жау пулеметінің үні шығып, ол тағы да жаңағы өзеке оқ жаудырды. Жау алға басыуымызға кедергі жасады.

Жауынгер Попов аз ойланды да Александр Матросовтың ерлігін қайталауды ұйғарды. Ол жапондардың бекінісіне жақындай берді. Дәл осы кезде жапон мергені оны жаралады. Бекініс саңылауына жақындауға бірнеше метрдей жер ғана қалды. Батыр жауынгер бар күшін жыйнап, бірнеше қадам алға басты да қан сыраған қалпымен жау бекінісінің саңылауын өз денесімен жапты. Жау пулеметінің үні өшті.

Өз жолдастарының ерлігімен жігерленген жауынгерлеріміз атакаға шықты. Қырқысқан айқас басталды. Бұл бекіністен бірде-бір жапон тірі шықпады.

Бөлімшесіміз алға басуда болды.

1-ҚЫЙЫР ШЫҒЫС МАЙДАНЫ,
17 август. (ТАСС-тың арнаулы тілшісі)

үшін Совет Үкметіне тапсырған еді. Совет Үкметінің В. М. Молотов тапсырған жауабында Совет Үкметінің бұл жобамен келісетіндігі айтылған болатын. Мұнымен бірге, жауапта Одақтастардың Жоғарғы Бас командованиясы атынан Жапонияның тізе бүгу шартына қол қою тапсырылатын кандидатура адам белгілеу жөнінде одақтас мемлекеттердің өзара келісуін ұсынды. В. М. Молотов пен Гарриман мырза пікір алысқаннан кейін Совет және Америка Үкметтері арасында одақтастардың жоғарғы Бас Командованиясының көрсетілген өкілі жөнінде консультация өткізілмек болды. Генерал Макартурдың кандидатурасы жөнінде Совет Үкметі жағынан ешбір қарсы пікір болған жоқ. Совет Үкметімен консультация өткізілгеннен кейін генерал Макартур қызметке тағайындалды.

Сонымен, «Нью-Йорк геральд трибюн» газетінің, советтің ресми топтары, Жоғарғы Бас қолбасшы Қызыл Армияның өкілі болуға тиіс деп есептейді-міс және Совет Үкметі Америка Үкметінің алдына талап қойды-мыс деген хабары ойдан шығарылған өтірік.

аудандарында Француз Республикасының қарулы күштері тұрады.

Гиттинг, Маргаретен, Мейлденит, Дандштроссе және Зиммеринг аудандарында Біріккен Корольдіктің қарулы күштері тұрады.

II. ОДАҚТАСТАРДЫҢ АВСТРИЯДАҒЫ БАҚЫЛАУ ОРЫНДАРЫ ТУРАЛЫ

Одақтастардың Австриядағы бақылау орыны одақтық кеңестен, атқару комитетінен және жоғарыда аталған төрт үкмет тағайындайтын қызметкерлерден құралады, бүкіл ұйымның өзі: одақтастардың Австриядағы комиссиясы деп аталады.

Одақтастардың Австриядағы комиссия-

ланттарға қолқабысшы қызметкерлер мектесіп отырады, олар жергілікті орындардың қызметін байқап, бақылап отырады.

Негұрлым қатысы бар басқа Біріккен Ұлттардың үкметтерімен байланыс жасап, бұл үкметтер соғыс миссиялары тағайындайды, соғыс миссиялары одақтастар кеңесі жанында жай мүнәзәр тағайындай алады. Егер одақтастар кеңесі Австрияда жұмыс жүргізуге рұқсат етсе Біріккен Ұлттардың ұйымдары одақтастар комиссиясына бағынып, оның қолдауында жауапты болады.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б) Орталық Комитетінде

1945 жылғы июльдің үшінші он күндігінде егін орағын комбайндардың жұмыс өнімділігін арттырған МТС-тар мен совхоздарға Қазақ ССР - Халық Комиссарлары Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туларын беру туралы

Машина-трактор станциялары мен совхоздардың егін орағында 1945 жылғы июльдің үшінші онкүндігіндегі жұмысының қорытындысын қарап, Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті қаулы етеді:

Егін жыйнау жұмысында комбайндардың жұмыс өнімділігін арттырғаны үшін, төменде аталған машина-трактор станциялары мен совхоздарға Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туларын беріледі:

а) МАШИНА-ТРАКТОР СТАНЦИЯЛАРЫНА:

1. Талдықорған облысының Үштөбе МТС-ына (директоры Цой жолдас, аға механигі Едич жолдас).

2. Жамбыл облысының Шу МТС-ына (директоры Гончаренко жолдас).

3. Оңтүстік Қазақстан облысының

Сайрам МТС-ына (директоры Тұрлыба жолдас, аға механигі Арыпов жолдас).

4. Қызылорда облысының Жаңақорған МТС-ына (директоры Антонович жолдас, аға механигі Бойченко жолдас).

5. Семей облысының Шар МТС-ына (директоры Ренкин жолдас, аға механигі Гусинский жолдас).

6. Павлодар облысының Чегем МТС-ына (директоры Фень жолдас).

7. Алматы облысының Шалем МТС-ына (директоры Чурбанов жолдас), аға механигі Рязанцев жолдас).

б) ҚАЗАҚ ССР СОВХОЗДАР ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТТАРЫНЫҢ СОВХОЗДАРЫНА:

1. Оңтүстік Қазақстан облысының Дабраза совхозына (директоры Сүлеймов жолдас, аға механигі Бөржонев жолдас).

2. Павлодар облысының Байқоныс совхозына (директоры Вишнин жолдас).

Авиация күніне арналған жаңа почта маркалары

Бүгін, 19 августа, ССРО Байланыс Халық Комиссариаты Бүкілодақтық авиация күніне арналған әдемі жаңа почта маркаларын пайдалануға берді. Маркаларда Яковлевтің, Лавочкиннің, Ильюшиннің,

Туполевтің, Петляковтың және Полтовтың конструкциялары бойынша салған самолеттердің суреттері бар.

(ТАС

● **Қазақ ССРның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыс**

Бастырылған астық қырымдарда бөгелмей, дөреу мемлекет қоймаларына тасылсын!

Облысымызда ауыл шаруашылық жұмыстарының барысы

ЕГІН ЖЫЙНАУ. Облыстық жер бөлімінің мәліметі бойынша, 19 августқа н 72992 гектар егін орылып, жоспар 19,3 процент орындалды. Соңғы бір де колхоздарда 5352 гектар егін орылды. Барлық орылған егіннің 21777 таны комбайнмен жыйналып, 21033 гектары маяға салынды.

Полудень ауданы егін ору жоспарын 24,9 процент орындап, бірінші орын Петропавл және Булаев аудандары 22,8 проценттен орындап, екінші және үшінші орынға, Мамлют ауданы 22,3 процент орындап, төртінші орынға және Әлеш ауданы 22,1 процент орындап, бесінші орынға ие болды.

Егін орудың барысында әсіресе Октябрь, Ленин, Совет және Преснов аудандарының колхоздары артта қалып қойды. Бұл аудандарда жоспардың орындалуы 18 проценттен аз ғана асты.

ЗЯБЬ ЖЫРТУ. 19 августқа дейін колхоздарда 9685 гектар зябь жырты, жоспар 5,5 процент ғана орындалды. Зябь жырту жөніндегі соңғы бір күн сін 463 гектар болды. Бұл күні Булаев, Мамлют, Октябрь және Преснов аудандарының колхоздарында бірде-бір гект ар зябь жыртылмады.

Зябь жырту жоспарын Конюхов ауданының колхоздары 8,1 процент, Полудень ауданының колхоздары 7,6, Петропавл ауданының колхоздары 7,2 және Булаев ауданының колхоздары 7,1 процент орындады. Бұл жұмыста әсіресе Преснов, Пришвин және Совет аудандарының колхоздары кешіргісіз артта қалып, облысымызды кейін тартып отыр. Бұл аудандарда жоспардың орындалуы проценттен аз ғана асады.

ПІШЕН ШАБУ. Колхоздарда 249152 гектар жердің пішені шабылып, жоспар 67,3 процент орындалды. 18 август күні 2905 гектар жердің пішені шабыл. Бұл күні Полудень ауданының колхоздары бірде-бір гектар пішен шаппады.

Пішен шабу жоспарын Совет ауданының колхоздары 85, Ленин ауданының колхоздары 78,3, Преснов ауданының колхоздары 76,9 және Октябрь ауданының колхоздары 74,7 процент орындады. Бұл жұмыста бұрынғыша Соколов, Мамлют, Конюхов және Петропавл аудандарының колхоздары кешіргісіз артта қалып отыр. Бұл аудандарда жоспардың орындалуы 53-62 проценттен аз ғана асады.

ПІШЕН МАЯЛАУ. Колхоздарда 189766 гектар жерден 176294 тонна пішен алынса, қалған 59376 гектар жерден шабылған 38603 тонна пішен әлі жиналмай жатыр. Шабылған пішенді маялауда бұрынғыша Булаев, Конюхов, Мамлют, Преснов, және Совет аудандарының колхоздары артта қалып қойды.

ПІШЕН ТАСУ. Мал қыстауларына пішенді неғұрлым көп тасу үшін бұл жұмысқа бөлінген күш-мүмкіншіліктер толық пайдаланылмай келеді. Осының салдарынан 19 августқа дейін мал қыстауларына небары 49142 тонна ғана мал асты тасылды. Қыстауларға мал азығын тасу жұмысын әсіресе Соколов, Полудень, Петропавл және Конюхов аудандарының колхоздары ойсыраған олқылыққа ұшырап алды.

Таңдаулы комбайншылардың іс үлгісі

Преснов ауданындағы Байан машина-трактор станциясының алдыңғы қатарлы айыппышары Қазақ ССРның 25 жылдығы атындағы бүкіл халықтық социалистік жарыс туып барған сайын жоғары нәтижелерге жетіп отыр.

Социалистік егін даласында аянбай жұмыс істеп жүргендердің арасында Токарев, Рыбчин және Бейсекезов сыяқты комбайншылар да бар. Комбайншы Рыбчин жолдас бес күнде 100 гектардан артық егін жыйнап, Оның күнделікті көр-

Бейғам басшылар

Полудень ауданындағы «Прогресс» колхозы аудандағы іргелі колхоздың бірі болып саналады. Ауыл шаруашылығының барлық жұмыстарын тыңғылықты жасалған жұмыс жоспары бойынша ойдағыдай жүргізуде бұл колхоздың мүмкіншілігі ұшан-теңіз.

Дегенмен, іс жүзінде шаруашылық жұмыстарының барысы бүгінгі күннің талабына сай болмай отыр. Колхозда егін жыйнау және ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау жұмыстарының барысы мүлде қанағаттанғысыз. Колхозда әлі күнге дейін 300 гектардай кара бидай орылған жоқ. Егін оруды жүрген 2 комбайн мен 4 лобогрейка жұмысқа өте-мөте өнімсіз пайдаланылып келеді. Осының салдарынан мұнда егін ору жөніндегі күнделікті тапсырма егін жыйнау жұмысы басталғалы бір күн де орындалған емес.

Колхозда орылған егінді маялау жұмысының барысы тіпті баяу. Қазір 80 гектар кара бидай маялапбай, төмелелер де жатыр. Осы сыяқты мемлекетке астық тапсыру жұмысының барысы да мардымсыз. Колхоз мемлекетке небары 130 центнер ғана астық тапсырды. Ал, колхоз қырманьында да қазір 500 центнер астық жатыр. Бірақ сол астықты тазартып, дайындау орындарына жөнелту жұмысымен еңкім шұғылданбайды.

—Дайындау орындарына астық тасу үшін көлік және арба жетпейді.—дейді колхоз председатели Васильев жолдас. Шынында мұның өзі шындыққа жанаспайды. Олай дейтін себебіміз колхозшылардың жеке пайдалануында онлаған сыйыр және 50ден аса арба бар. Алайда, бұл мүмкіншілікті колхоз басшылары көрсетсе көрмей отыр.

Колхоз председатели Васильев жолдасы бұл бейғамдығына қарағанда, колхоз быйыл егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын ұзаққа созып алатындығы мұның аяғы астықты ысыраппа ұшырауына әкеліп соғатындығы даусыз. Бұған колхоздағы бастауыш партия ұйымының, оның секретарі Галушко жолдасының не себепті төзетіндігі бізге қараңғы. Бұл жағдайдың мән-жайын аудандық партия комитеті егжей-тегжейіне дейін тексеріп, колхозда егін жыйнау және ауыл шаруашылығының өнімдерін дайындау жұмыстарының ойда-

Англия кәсіпшілер одақтары өкілдерінің совет және шет ел журналистерімен көздесуі

«Труд» газетінің редакциясында баспа сөз өкілдерінің конференциясы

6 августа «Труд» газетінің редакциясында, СССР-қа металлургия жұмысшыларының Кәсіпшілер Одағы Орталық Комитетінің шақыруы бойынша Советтер Одағына келген Англияның темір және болат өнеркәсібі жұмысшылары одағының өкілдері хұрметіне баспа сөз өкілдерінің конференциясы өткізілді. Англия өкілдерін Англияның темір және болат өнеркәсібі жұмысшылары одағының бас секретарінің орынбасары Л. Эванс бастап келді. Өкілдердің арасында бұл одақтың басшы қызметкерлері Х. Дуглас пен Т. Михин және Англияның металлургия заводтарының жұмысшылары Дж. Уильямс, Х. Девей, Э. Роберте, Дж. Линч бар. Өкілдер Советтер Одағының бірсыпыра металлургия заводтарын аралап көрді және совет кәсіпшілер одақтарының жұмысымен танысты.

Совет және шет ел журналистерінің сұрауларына өкілдердің басшысы Л. Эванс жауап берді. Ол өкілдердің Советтер Одағына келуінің негізгі мақсаты—совет кәсіпшілер одақтарының жұмысымен танысу, олармен неғұрлым тығыз байланыс жасау, Советтер Одағындағы қалпына келтіру жұмыстарының жайымен танысу екенін айтты. Өкілдер әсіресе совет елінің металшы жұмысшыларының тұрмыс және еңбек жағдайларына көбірек көңіл бөлді.

—Біз,—деді ол,—бірысыра металлургия заводтарында болдық. Бұл заводтар күшті техникамен жабдықталған маңдай алды кәсіп орындары. Әсіресе Магнитогор комбинаты ерекше көзге түседі. Біздің Англияда бұған тең келетін завод жоқ.

Эванс совет кәсіпшілер одақтарының мәдени-көпшілік және әлеуметтік қауіпсіздендіру жұмыстары жөнінде кең өріс алғанын атап көрсетті. Ол Советтер Одағы мен Англияда әлеуметтік тәртіптің дамығанын, мұның өзі Англия мен совет кәсіпшілер одақтары жұмысының әдістері мен мазмұны өркендеуіне жағдай туғызатынын айтты. Англияның кәсіпшілер одақтары, деді ол негізінде еңбек ақы және жұмыс жағдайы мәселесіне баса көңіл бөледі. Эванс совет кәсіп орындарында өкілдер еңбек ақы еңбек қорғау комиссияларының және басқа сондай комиссиялардың жұмысымен толық таныспағандығын білдірді.

Сіздің пікіріңізше, Магнитогор комбинатының кәсіпшілер одағы ұйымының жұмысы қандай деген сұрауға қайтарған

саймандарды күтіп ұстауы туралы, совет кәсіп орындарының жұмысшы күшімен қамтамасыз етілуі туралы және сондай басқа мәселелерге тоқтап өтті. Эванс әсіресе Советтер Одағында балаларға зор қамқорлық көрсетіп отырылғанын атап айтты.

Біз,—деді ол.—совет балаларының денсаулығына және олардың тәрбиесіне ерекше қамқорлық көрсетілетіндігіне таңдандық.

Эванс жалпы халық арасында, сөз сыяқты кәсіп орындарында да жастардың өте көп екенін атап көрсетті.

Шет ел тілшілерінің біреуінің сұрауына берген жауабында, Эванс ағылшын өкілдері совет жұмысшыларының Англиядағы жағдайға өте-мөте көңіл бөлетіндігін көрсеткенін айтты. Бізге деді ол, өкілдері бірініш лейбористер үкметі өздерінің сайлау алдындағы программасын орындай ма деген сұраулар берілді.

Советтер Одағында денсаулық сақтау жұмысының жолға қойылуы туралы сұрауға қайтарған жауабында Эванс совет кәсіп орындарында денсаулық сақтау жұмысына толық көңіл бөлініп отырғанын айтты.

—Біз,—деді ол,—завод емханаларының бірінде болдық. Бұл емхана бізге орасан күшті әсер етті. Мұнда жұмысшылардың емденуіне қана қоймай, аурудың алдын ала тиісті шаралар қолданады. Англияда мұндай завод емханалары жоқ.

Ағылшын-совет кәсіпшілер одақтары комитетінің соғыс кезінде пайдалы жұмыс атқарғанын көрсете келіп, Эванс соғыстан кейінгі жағдайда бұл комитет өкілдері кәсіпшілер одақтарының пайдасына игілікті қызмет ете алатындығына сенім білдірді. Эванс ағылшын және совет кәсіпшілер одақтарының ынтымақпен іс етуінің маңызын атап көрсетіп, мұның өзі жалпы бейбітшіліктің нығайуына көмектесетінін білдірді.

Басқа сұрауларға берген жауабында Эванс Ұлы Британияның жеке кәсіпшілер одақтары мен Советтер Одағының тиісті кәсіпшілер одақтары арасында ынтымақ орнату хажет екенін көрсетті. Біз,—деді ол.—совет елінің металшылары одағы өкілдерінің Англияға келуін күтеміз.

Советтер Одағында болуы өздеріне жал

Сун Цзы-Ваньнің Трумэнмен еңгімелесуі

ВАШИНГТОН, 18 август. (ТАСС). Жаңы арада Вашингтонға келген Қытай Республикасының Бас Министрі Сун Цзы-Вань бүгін біржарым сағат уақыт бойынша Трумэнмен еңгімелесті. Сун Цзы-Вань баспа сөз өкілдерінің сұрақтарына жауап беруден бас тартты. Ақ Ұлы Сун Цзы-Ваньмен еңгімеде Мемлекеттік Секретарь Бирнетің болып, бұдан соң Сун Цзы-Вань қаражат министрі Винсонмен еңгімелесті.

Бирнеттің еңгімесі

ВАШИНГТОН, 18 август. (ТАСС). АҚШ-тың Мемлекеттік Секретарі Бирнет АҚШ үкметінің алдағы уақытта Болгарияда болатын парламент сайлауын ұйымдастыру ісіне қанағаттанбай отырғандығын мәлімдеу жөнінде АҚШ-тың Болгариядағы саяси өкілдеріне тапсырма берілгендігін баспа сөз өкілдеріне хабар етті.

Америка қарулы күштерінің шығыны

НЬЮ-ЙОРК, 18 август. (ТАСС). Ассошиэтед Пресс агенттігі тілшісінің Вашингтоннан берген хабарына қарағанда, Құрама Штаттарының быйылғы 14 августқа дейінгі соғыста барлығы 922757 адамынан, оның ішінде 199183 адамынан өлді, жараланғаны бар 570999 адамынан, хабар ошарсыз кеткені бар 33653 адамынан және қолға түскені бар 118924 адамынан айырғандығын АҚШ-тың соғыс министрлігі хабар еткен.

Брюссельде кәсіпшілер одағының съезі ашылды

БРЮССЕЛЬ, 19 август. (ТАСС). Кеше Брюссельде металлургия және метал өнер кәсіптері кәсіпшілер одақтарының біріккен съезі ашылды. Брабант, Шарлеруа, Льеж, Антверпен аса маңызды аудандарында біріктіру жұмыстары жүргізіліп болды және облыстық комитеттер сайланды. Брюссельдегі съезге дің кәсіпшілер одақтары қатыспайды.

Румыниядағы бітім шарттарын орындау жөніндегі комиссияның қайта құрылуы

БУХАРЕСТ, 19 август. (ТАСС). Газеттердің хабары бойынша, Румыниядағы бітім шарттарын орындау жөніндегі комиссия министрлер кеңесі президентінің жанындағы бас комиссариат болып қай

ас соғыс осы күнде 104 гектар егін пады. Осы сыяқты комбайншы Давы-о жолдас «Айтуар» колхозына СЗК айнымен 8 күнде 70 гектар егін пады.

күш жұмсауда.

Қ. ЖАҚИН,

Облыстық партия комитетінің нұсқаушысы.

400 пұт астың тапсырды

мнин ауданындағы Ленин ауыл ша-палық техникумында егін жыйнау а мемлекетке астық тапсыру жұмыс-а ұйымдасқан түрде жүргізіліп жа-. Мұнда кара бидайды орын, жыйнау ысы аяқталды. Қазір техникум кол-чнн дөңді егінмен бұршақты ора бас-а.

гін ору кезінде техникумның ком-шысы Алексей Сарасов жолдас тех-ум коллективіне үлкен көмек көрсетіп-ді. Ол «Коммунар» комбайнымен қа-ің өзінде 60 гектар егін жыйнады.

Техникум мемлекет алдындағы бірінші парыз—астық дайындау жоспарын мезгі-лінен бұрын, толық орындап шығуға барлық күш-мүмкіншілікті жұмылдыруда. Олар мемлекетке бүгінгі күнге дейін 400 пұт астық тапсырды.

—15 сентябрьге дейін,—дейді техни-кум директоры Әбдрәшитов жолдас,—біз мемлекет алдындағы бірінші парыз—астық дайындау жоспарын толық орындап шығамыз. Бұған біздің мүмкіншілігіміз жеткілікті.

П. ПОТУДАНСКИЙ.

комбайншылары Саратов облысы, пугачев ауданындағы Надеждин МТС қызмет-керлері коллективінің үндеуіне іспен жа-уап беруде. Олар социалистік егін дала-сында Бүкілодақтық социалистік жарыс туып жоғары көтере түсуде.

Комбайншылардың егін жыйнау кезін-дегі социалистік жарысында үздік келе-жатқандардың бірі—Отан соғысының мү-гедегі комбайншы Лысенко жолдас. Ол «Коммунар» комбайнымен күн сайын 8 гектар орнына, 16—18 гектар егін жыйнап жүр. Лысенко жолдас 7—8 күн ішінде осындай қарқынмен жұмыс істеп, 170 гектар егін жыйнады.

Егін жыйнау кезінде комбайншы Пыш-ний жолдас та таңдаулылар қатарына қосылды. Ол күндік өндірістік көрсеткі-шінің 16 гектарға жеткізіп, қазір 150 гектар егін жыйнады.

Т. ЖЕТПІСБАЕВ.

оар.

Эванс жұмысшылардың станоктар мен төлемін

(ТАСС).

Мектеп оқу жылына әзір емес

Октябрь ауданындағы Октябрь баста-уып мектебінде жаңа оқу жылына да йындық жұмыстары ойдағыдай жүргізіл-мей отыр. Жаңа оқу жылы басталуға санаулы ғана күндер қалуына қарамаст-тан, бұл мектепті жөндеу ісі әлі күнге қолға да алынбай келеді.

Мектепке керекті отын жеткілікті та-сылып алынған, бірақ мектепті және бас-қа да мектеп құрал-жабдықтарын жөн-деу жұмыстары ұмыт болған. Себебі мек-тептің бұрынғы оқытушысы басқа мектеп-ке ауыстырылған, алаудандық оқу бөлімі бұл мектепке жаңадан мұғалім жіберме-ген.

Осы сыяқты, Ленин 7 жылдық мекте-бінде жаңа оқу жылына дайындықтың

жайы осындай. Ленин мектебіне де қыс-қа керекті отын жеткілікті әзірленгенмен мектепті жөндеу ісі әлі қолға да алынба-ған. Мектептің терезелері жок, 2 класка жазу тақтасы жетіспейді. Мектеп дирек-торы Саликов жолдас мектепті жөндеу, жоғарғы класстарға керекті оқу құралда-рын дайындау орнына, басқа даурығын, күн өткізуде.

Жаңа оқу жылының басталуына са-наулы ғана күндер қалды. Сондықтан да аудандық оқу бөлімі оқу жылы бастал-ғанға дейін мектепті қалайда толық жөн-деуге, сөйтіп, жаңа оқу жылына бұл екі мектептің сақадай-сай әзірленуін қамтама-сыз етуге тиіс.

Б. РАМАЗАНОВ.

радиосының Бирымадан берген хавары бо йыпша, мұнда «еңбір тәртіпке келтіріл-меген ұрыс қыймылдары болып жатқан» көрінеді.

Жапон истребительдерінің Америка самолете теріне шабуыл жасауы

САН-ФРАНСИСКО, 19 август. (ТАСС).

Сан-Франциско радиосының хабары бо йыпша, 18 августа Токио ауданында жа-пон истребительдері Американың барлау-шы самолеттеріне екінші рет шабуыл жасады.

2 «В-32» самолетіне жапондардың 14 «Зиг» истребительдері тап берді. Амери-каның 1 фотографы өлді және әкінаж-дың екі мүшесі жараланды.

Манилуға жапон өкілдері келді

НЬЮ-ЙОРК, 19 август. (ТАСС).

Ассошиэтед Пресс агенттігінің Манилуағы тілшісінің хабары бойыпша, жапондар-дың бас штабы бастығының орынбасары бастаған 16 өкілінің генерал Махартур-мен мәслихаттасу үшін Манилуға келіп түсті.

Ассошиэтед Пресстің тілшісі ресми хабарға сүйене отырып, өздерінің мандат-тарын көрсеткеннен кейін, жапон өкілдері-нің Махартурдың көмекшілерімен бірлесе отырып, тізе бұгу жағдайын алдын-ала талқылауға кіріскендігін атап көрсетті. Бірінші мәжіліске Махартур қатысқан жоқ.

Жауапты редактордың орынбасары

Ф. МУХАМЕДЖАНОВ.

Байланыс Халық Комиссариаты облыс-тық басқармасының жұмысшыларды жаб-дықтау бөліміне 6-с бухгалтер, техника-лық складтың бастығы, бухгалтер-ревизор керек.

АДРЕС: Петропавл қаласы, Ленин кө-шесі 2-үй. Кадр бөлімі. Телефон № 0-20.

Сортты овощ тұқымын дайындау конто-рына түпкілікті жұмысқа үйренуші есепші, жұмысшылар, үй сыпырушы-караз таушы керек.

АДРЕС: Петропавл қаласы, Пушкин кө-шесі 49-үй.

Аяқ-киім фабрикасына бас бухгалтер керек.

Адрес: Петропавл қаласы, Достандық көшесі, 90-үй. Кадр бөлімі.

Д. МЕЛЬНИКОВ.

Халықаралық шолу

советтер Одағының Жапонияға соғыс-иялауы Қызыр Шығыста оқыйғаның-уын негізінен шұғыл тездетті. Жапо-ның шапқыншылық шағын тез жо-а дүние жүзілік соғысты аяқтауға-кіндік жасалды. Демократияшыл ел-дің жұртшылық пікірі Жапония импе-лизмін талқандау ісіне Советтер Ода-орасан зор үлес қосты деп атап көр-іп отыр. Американың радио шолушы-Барнаб: «Жауды талқандау ісіне Со-веттер Одағының қосқан үлесі орасан-» деп мәлімдеді. Совет Үкметінің бұл-амының соғыстық маңызы Америка-иясының Қытайдағы әуе-соғыс күш-інің бұрынғы қолбасшысы генерал-ма-Ченолт ерекше зор баға берді. «Нью-рк таймс» газетінің тілшісімен әңгі-ескенде ол: «Советтер Одағының Жа-понияға қарсы соғысқа қосылуы Тынық-иттағы соғыстың аяқталуын тездет-і шешуші іс болды... Жапония тізе-уге душар етілді» деді.

Қазіргі уақытта жапон баспа сөзі бір-де Германияда Геббельс насихатшыла-пайдаланған өзінің армыз мақтаншақ-қ сарынын қойды. Жапонияға Совет-Одағы соғыс жариялаған күннің ер-іне жапонның Домей Цусия агенттігі-і хабарына сәйкес, Токио газеттері бас-қала жазып шығарды, олар бұл басма-таларында енді «Шығыс Азиядағы со-стың нағыз ауыр кезеңі туды» деп-ертті. «Сингури хоппи» газеті: «Тынық-хиттағы соғыс өте-мөте елеулі кезе-

ініне жетті» деп жазды. Советтер Одағы-ның соғыс жариялауы өздерінің шапқын-шылық жолымен басқаның жерін жау-ап алу жөніндегі барлық арманын іске-сырмай тастайтынын, Жапонияның «Ұлы Шығыс Азиясы» деп аталатын-шығыста халықтардың фашистік түрме-сін құру жөніндегі барлық үмітін үзетін-дігін жапон империалистері жақсы түсі-неді.

Енді Жапония шапқыншылығы құрыға-ты түр, Жапония сөзсіз тізе бүтетіндігін-мәлімдеп отыр. Алайда соғыстың тәжіри-бесі шапқыншылар табынан шыққан ұсы-ныстар мен үденің қандайына жөнінен-болсын қырағы болуды үйретті. Жапония-сөзсіз тізе бұгу шартын қабылдады. Бі-рақ фашист шапқыншылардың дағдысы-мынадай: бұл ұсыныстарды қабылдау-оларды әлі іс жүзінде дереу орындау бо-лып табылмайды. Совет-герман майданын-да болған оқыйға әлі күнге дейін жұрт-тың бөрінің есінде. Онда тізе бұгу тура-ты шартты қабылдау жөнінде «Ленин үк-метінің» ресми мәлімдемесінен кейін де,-титлершілер соғыс қыймылдарын жүргі-зе берген болатын. Тек Қызыл Армияның-бұдан былайғы қауырт соққылары гит-лершіл қаракшыларды іс жүзінде тізе-бүгіп, қару тастауға мәжбүр етті. Бұл сы-яқты қасқырларша залымдылық және-опасыздық істеу фашистенген жапон им-периалистерінің де дағдылы әдеті. Сол-кездің өзінде, 11 августа генерал Макар

тур Жапонияның тізе бұгуі туралы дә-лелденген хабарға түсіндірме бере келіп, егер тіпті олар сөзсіз тізе бұғуға риза-болған жағдайда да жапондарға онша се-нуге болмайды деп мәлімдеді. Жапония-ның әлденеше рет қаракшылық істегенді-гін Макартур еске түсірді. «Одақтастар-дың сөзсіз тізе бұгу туралы ұсынған-шарттарын Жапонияның қабылдағанына-қарамастан, жапон армиясының әлі күнге-дейін соғыс қыймылдарын жүргізіп, қар-сылық жасап жатқандығынан жапон им-периалистерінің зұлымдығы көрінді».

Жапонияның тиісті нақтылы істерімен-дәлелденбейінше мәлімдемелің қандайына-болса да сенбеушіліктен қарауға Одақтас-тас мемлекеттер халықтарының барлық-дәлелі бір. Жапонияның тізе бұгуі тура-лы Бас Штабтың түсіндірмесінде соғыс-қыймылдарын тоқтату туралы жапон-императоры бұйрық бергенге дейін және-бұл бұйрық орындалғанға дейін совет-әскерлерінің ұрыс қыймылдарын жүргізе-беретіндігі тікелей атап көрсетілді. Жа-пон әскерлері әлі күнге дейін тізе бүк-кен жоқ.

Жапония императоры Хирохимның жа-пон халқына арнаған үндеуі де бейбітші-лік сүйгіш барлық ұлттарды сақтандыра-ды, өйткені император жапондардың шап-қыншылығын «Жапонияның хауісіздігі-мен Шығыстағы армияны тұрақтанды-руды қамтамасыз етуді» тілегендік деп-сипаттауға тырысады. Императордың үн-деуі жер көлемін ұлғайтуға Жапония дә-мелденбеді-міс және оның өзі бейнебір-«Азияны азат етуге» тырыстымыс деп дә-лелдемекші болады.

Бұл мәлімдеме және ресми адамдардың

осы сыяқты басқа да сөздері Жапония-ның радио хабарларын тарататын бірлес-тігінің басшысы Кусу Ояның соғыста-ұтылғандық—уақытша сәтсіздік және-«Жапония бұл қатесін түзетуге тиіс» деп-арсыздықпен мәлімдеуіне дем берді.

Алайда жапондардың амал-айласы мен-нәсихатының ешқайсысы империалистік-Жапонияның сөзсіз жеңілетіндік факты-сын енді өзгерте алмақ емес.

Жапонияны жеңу Біріккен Ұлттардың-бірілігінің ұлы күшін, шапқыншы мемле-кеттің ешқайсысы төтеп бере алмайтын-күшті бүкіл дүние жүзі алдында тағы-да бір рет көрсетті. Өзінің одақтастық-сертінен айнымайтын Советтер Одағы бей-бітшіліктің қайта орнауын тездетуді және-халықтарды ендігі жерде құрбандық-беруден және азап көруден құтқаруды-көзден, Жапонияға қарсы соғысқа қосыл-ды. Гитлер Германиясына қарсы соғыс-тың негізгі ауырталығын көтерген Со-веттер Одағының халықтары бұл жоғары-адамгершілік мақсатты орындау мүддесі-үшін, Қызыр Шығыстағы соғыстың-ақырғы ойағын жеңу үшін қолына қай-тадан қару алды.

ССРО Үкметі мен Польша арасында Со-вет-Польша мемлекеттік шекарасы тура-лы Шарт пен Германияның оккупация-лауы салдарынан келтірілген шығынды-төлеттіру мәселесі жөніндегі Келісімді бұл-елдердің де және олардан тыс басқа ел-тердің де жұртшылығы ықыласпен қар-сы алады. Бұл документтер ССРО мен-Польша арасындағы достық қарым-қаты-настың жемісті түрде дамуының жаңа